

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының
«Абай» Келес аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК-ның сыбайлас жемқорлыққа
қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша 1-
тоқсанда өткізілген жиналысының ХАТТАМАСЫ
№1

Абай ауылы

12.03.2024ж.

Жиналыс төрағасы:

Басшы С.Исахова

Хатшылықта:

Б.Жунусов

Қатысқандар: «Абай» Келес аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК-ны
басшысының орынбасарлары, бөлім меңгерушілері мен ауылдық
амбулаториялардың аға дәрігерлері.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы»
2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңын кеңінен талқылау;
2. Сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттер үшін қылмыстық жауаптылық;
(2014 жылғы 3-шілдедегі №226-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының
Қылмыстық Кодексі);
3. Сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттер үшін әкімшілік жауаптылық;
(2014 жылғы 5-шілдедегі №226-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Әкімшілік
құқық бұзушылық туралы Кодексі);

Жиналыста келесі мәселелер айтылды: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының талабына сай, жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер барлық салада жүргізілуі тиіс. Кез-келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз керек. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы қабылданғаннан бері сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер дәйектілікпен жүзеге асырылуда. Осы бағыттағы шаралар мен көкейтесті мәселелерді шешуде заңдылықты жетілдіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Жалпы алғанда, қабылданған кешенді шаралар нәтижесінде сыбайлас жемқорлық көріністерінің азаюы байқалады. Сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін ең қауіпті түрі – парақорлық. Бірінші кезекте пара берудің себептерін, пара алудың жағдайларын түп тамырын жою үшін қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Яғни, пара беру де, пара алу да пайдалы болмайтындай, үлкен қылмыс ретінде саналатындай жағдай, қоғамдық сана қалыптасуы қажет. Біздің ортада сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ, қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі қарай ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болатындығын және сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білуі керек екендігі жөнінде түсіндірілді.

Қазақстан Республикасының «Қылмыстық Кодексінде» лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану, билікті немесе өкілеттіктерді асыра пайдалану, лауазымды адамдардың өкілеттіктерін иемденіп алу, кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу, заңды кәсіпкерлік қызметпен айналысуға кедергілер жасау, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, қызметтегі әрекетсіздік, салғырттық әрекеттер үшін қылмыстық жауапқа тарту көзделген.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне сәйкес, жеке тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаның не оған теңестірілген тұлғаның заңсыз материалдық сыйақы алуы, заңды тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының заңсыз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы және заңсыз кірістер алуы, мемлекеттік органдар басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды қабылдамауы, бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау сияқты сыбайлас жемқорлық фактілеріне жол берген тұлғаларға әкімшілік жауапқа тарту көзделгендігі ескертілді.

Сондай-ақ, біздің мемлекетіміз, басқа да көптеген мемлекеттер сияқты сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу және оны болдырмау мақсатында қарқынды жұмыстар жүргізуде. Қазіргі уақытта, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі негізгі принциптерін айқындап, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін, сондай-ақ міндеттемелік шарттарын белгілеп, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын-алу, анықтау, жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы сыбайлас жемқорлыққа күрес туралы заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, мемлекеттік функцияларды орындайтын мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар және оларға теңестірілген тұлғалардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталғандығын айтып түсіндірді.

Жиынсқа қатысушылар айтылған ескерпелерді толығымен қолдайтындығын және берілген тапсырмаға сәйкес, жұмыс жасайтындықтарын жеткізді.

Жиналыс төрағасы

Хатшы


С.Исахова


Б.Жунусов

